

«Гүлдер» балабақшасындағы Қамқоршылық кеңес отырысының
№4 ХАТТАМАСЫ

23.05.2025ж

Ақтау қаласы

Қатысты: балабақша директоры, балабақша әдіскері, Қамқоршылық кеңесінің мүшелері

Күн тәртібі

1. Қамқоршылық кеңесінің жылдық есебі.
2. Жазғы сауықтыру мезгіліндегі шынықтыру шараларымен таныстыру.

Тыңдалды

1. Бірінші мәселе Қамқоршылық кеңесінің төрағасы кеңестің 2024–2025 оқу жылында атқарған жұмыстары туралы жылдық есеп ұсынды. Есепте кеңес отырыстарының өткізілуі, қабылданған шешімдердің орындалуы, ата-аналармен және балабақша ұжымымен өзара ынтымақтастық, балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, материалдық-техникалық базаны нығайтуға және тәрбиелік іс-шараларды қолдауға бағытталған жұмыстар қамтылды. Кеңес мүшелерінің белсенділігі мен ұсыныстарының балабақша жұмысының сапасын арттыруға оң ықпал еткені атап өтілді.

Сөйледі: Кеңес мүшелері атқарылған жұмыстардың нәтижелеріне оң баға беріп, келесі оқу жылында ата-аналармен байланыс формаларын жетілдіру, қоғамдық бақылауды жүйелі жүргізу және әлеуметтік серіктестермен ынтымақтастықты кеңейту жөнінде ұсыныстарын білдірді.

2. Екінші мәселе бойынша балабақша директоры жазғы сауықтыру кезеңіне арналған шынықтыру жұмыстарының жоспарын таныстырды. Балалардың денсаулығын нығайту мақсатында таза ауадағы ойындар, таңғы гимнастика, дене жаттығулары, су және ауа процедуралары, жалаңаяқ жүру элементтері, спорттық ойындар мен қимылды ойындарды ұйымдастыру тәртібі түсіндірілді. Барлық іс-шаралар балалардың жас ерекшеліктеріне және қауіпсіздік талаптарына сәйкес өткізілетіні айтылды.

Сөйледі: Кеңес мүшелері жазғы сауықтыру жұмыстарының балалар денсаулығын нығайтудағы маңызын атап өтіп, ата-аналарды шынықтыру шаралары туралы тұрақты хабардар етіп отыруды ұсынды.

**Күн тәртібіндегі мәселелерді талқылай келе Қамқоршылық кеңес
ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. Қамқоршылық кеңесінің 2024–2025 оқу жылындағы жылдық есебі бекітілсін. Кеңестің жұмысы қанағаттанарлық деп танылсын. Келесі оқу жылында кеңес қызметінің тиімділігін арттыруға бағытталған ұсыныстар жұмыс жоспарына енгізілсін.
2. Жазғы сауықтыру кезеңіндегі шынықтыру жұмыстарының жоспары назарға алынсын. Шынықтыру шаралары санитариялық талаптар мен қауіпсіздік ережелерін сақтай отырып жүргізілсін. Балалардың денсаулығын нығайтуға бағытталған жұмыстардың орындалуына тұрақты бақылау жасалсын. Ата-аналарға жазғы кезеңдегі сауықтыру және шынықтыру жұмыстары туралы ақпарат тұрақты түрде ұсынылып отырсын.



Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Сейтахметов Амангелди
Хатшы Хайруллина Диана